«Биотехнология» кафедрасының 2025–2026 жылғы

САПА САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Қызмет түрі	Жетістіктер мазмұны
1 Оқыту	- Емтихан сессиясының қорытындысы бойынша кафедра мамандықтары студенттерінің үлгерім көрсеткіші 85%-ды құрады; - «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» және «Биотехнология» білім беру бағдарламалары бойынша студенттер «Низкоцен» ЖШС, IZIWAYLtd компаниясы, «Өскемен құс фабрикасы» АҚ, «Сүт» АҚ, «Руди» ЖҚ, «Печь» ЖШС, «Сервис» ЖШС, «МолКом-Павлодар» ЖШС, «Иртыш» қонақ үй кешені» ЖШС, «Балалар облыстық ауруханасы» ШЖҚ КМК, «Chekhov MeatPoint» кафесі, «Калиева» ЖК, ServiceFood ЖК, «Абденбаева» ЖК, «Ұлттық ғылыми онкология орталығы» ЖШС кәсіпорындарында дуальды оқыту бағдарламасы бойынша білім алуда; - ОӘЗ жоспарына сәйкес кафедраның «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» және «Биотехнология» білім беру бағдарламалары бойынша пәндерінен университеттің Ғылыми кеңесі бекіткен 5 оқу құралы әзірленіп, басып шығарылды; - аға оқытушы Тлеубек Ұ. Н. 8D05102 «Биотехнология» білім беру бағдарламасы бойынша докторантураға түсті; - АӨТжТИ-401 тобының студенттері Жасқайратова А. және Аушева Н. Германияда өндірістік тәжірибеден өтті. АӨТжТИ-401 тобының студенті Мұстапаева Аяжан Түркияда өндірістік тәжірибеден өтті; - «Биотехнология» білім беру бағдарламасының студенттері Шарупич Дарья мен Елеушинова Улдана Астана қаласындағы Қазақ технология және бизнес университетінде (ҚазТБУ) академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алып, оны сәтті аяқтады.
2 Тәрбиелік	- ЖОО сенбіліктерге және басқа да іс-шараларға (театрларға, мұражайларға бару және т.б.) 100% қатысуын қамтамасыз етті; - Тақырыптық кураторлық сағаттардың 100%-ы өткізілді; - Студенттердің 100%-ы республикалық, облыстық деңгейдегі және университет пен кафедра ұйымдастырған түрлі іс-шараларға қатысты; - Оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттерді салауатты өмір салтын ұстануға тарту, Президенттік сынақ нормативтерін тапсыру (ОПҚ – 13 адам, студенттер – 20 адам).
3 Ғылыми	- 2025–2026 оқу жылында «Биотехнология» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы Комитет ұсынған басылымдарда 5 мақала, Scopus/WoS дерекқорларына кіретін басылымдарда 2 мақала жариялады, сондай-ақ 2 қорғау құжатын (патент) алды; - 2025–2026 оқу жылында «Биотехнология» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы 2 монография жариялады; - Студенттердің 50%-ы, магистранттар мен профессор-оқытушылар құрамының 100%-ы ғылыми-зерттеу жұмыстарына (ғылыми жобаларға, республикалық және халықаралық деңгейдегі конференцияларға) қатысты; - 2 студенттік ғылыми үйірменің жұмысын одан әрі жетілдіру; - докторант Жусупбаева Д. Польшадағы Варминь-Мазур университетінің қой және ешкі шаруашылығы кафедрасында профессор Ян Микинскидің жетекшілігімен ғылыми тағылымдамадан өтті; - ДБт-32/2 тобының докторанттары Темиржанова Зухра мен Шарапатова Мадина Түркия Республикасының Денизли қаласындағы Памуккале университетінде ғылыми тағылымдамадан сәтті өтті; - профессор Капшакбаева З. В. және аға оқытушы Мухамеджанова А. С. Ұлыбританиядағы Рединг университетінде «Болашақ» бағдарламасы бойынша ғылыми тағылымдамадан сәтті өтуде.
4 Маркетингтік	- Бәсекеге қабілетті мамандарды 100% даярлау; - Талапкерлерді тарту – 100%; - Түлектерді жоспарға сәйкес жұмысқа орналастыру – 90%; - Кәсіби бағыт бойынша Павлодар қаласының колледждерімен және жалпы білім беретін орта мектептерімен (12 мектеп) ынтымақтастық орнатылған. Кафедраның профессор-оқытушылар құрамы жүзеге асыратын ғылыми жобалар: - Ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша қызметтер көрсету және консалтингтік сүйемелдеу (ғылыми жетекші – академик Аникина И. Н.); - Сүтті және сүтті-етті бағыттағы ірі қара малдың өнімділігін арттыруға бағытталған селекциялық жұмыс бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау (ғылыми жетекші – аға оқытушы Кайниденов Н. Н.); - Функционалдық тамақтануға арналған төмен лактозалы балмұздақ өндіру (ғылыми жетекші – қауымдастырылған профессор Агибаева А. Ж.).

«Биотехнология» кафедрасының меңгерушісі **К. Исаева**